

**"Денсаулық сақтау саласындағы сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 29 тамыздағы №
494 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 қазандағы № 795 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 қарашада № 15995 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Денсаулық сақтау саласындағы сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 494 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8688 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 26 желтоқсанда № 282 (28221) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсына ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды.

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК